ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының Бас директоры Дүйсен Қасейінов:

Әрбір ұлт үшін жерсіндіре білсе, кез келген жаңа өнердің жаттығы жоқ



Түркі халықтарының ЮНЕСКО-сы аталып жүрген ТҮРКСОЙ ұйымы соңғы жылдары түркі халықтарының мәдени-рухани қарым-қатынасының жандана түсуіне қал-қадерінше үлес қосып келе жатыр. ТҮРКСОЙ алты түркі тілді мемлекетті: Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Түркіменстан, Түркия, Өзбекстан, сондай-ақ Ресей Федерациясының Алтай Республикасы, Башқұртстан, Тува, Хакасия, Якутия секілді субъектілерін біріктіретін үлкен ұйым. Бүгінгі таңда ТҮРКСОЙ ұйымы ЕЫҚҰ, ЮНЕСКО секілді халықаралық қауымдастықтармен әріптестік орнатып, кең көлемде жұмыс жасауда. ТҮРКСОЙ ұйымының Бас директоры Д.Қасейінов 2010 жылды ұйымға мүше елдер үшін «Мәдениеттерді жақындастыру жылы» болып жариялаған болатын. ТҮРКСОЙ алдағы жылы өтетін мәдени науқанның «бисимилласы» ретінде қыркүйектің 12-і күні Абай атындағы опера және балет театрында түркі халықтарының 250 өнерпазы қатысатын «Көроғлу» операсын жұртшылық назарына ұсынбақ.

(Жалғасы 12-бетте)

Әрбір ұлт үшін жерсіндіре білсе, кез келген жаңа өнердің жаттығы жоқ

Соңы. Басы 6-Бетте

Д.Қасейінов

-Дүйсен аға, естіуімізше осы аптада Алматыда ТҮРКСОЙ-дың тағы бір үлкен шарасы өткелі жатқан көрінеді. Толығырақ әңгімелеп бере аласыз ба?

- Ия, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы 12 қыркүйек күні Алматыда Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында түркі халықтары опера өнерінің озық үлгілерінің бірі болып табылатын, белгілі әзірбайжан композиторы Узеир Гаджибековтың «Кероғлы» операсының халықаралық премьерасын өткізеді. Түркі халықтарының өнер тарихында алғаш рет қолға алынған ірі халықаралық жобаның тұсауы қырғыз жерінде кесілді. Енді Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан сахналарында қойылады. Бұл- шынымен-ақ, түркі опера өнері тарихында бұрын-соңды жасалмаған аса ауқымды халықаралық жоба. Олай дейтініміз, біріншіден, операны түркітілдес республикалардан келген 250-ге жуық өнерпаз бірігіп орындайды. Екіншіден, осы халықаралық құрамдағы өнерпаздар орындауындағы қойылым бас-аяғы 10-15 күннің ішінде түркітілдес мемлекеттердің бірнеше ірі қаласында белгілі опера театрларында сахналанып, гастрольдік турне жасап шығады. Қойылымның ең алғашқы премьерасы кеше, 9 қыркүйекте Қырғызстан астанасы Бішкекте А.Малдыбаев атындағы Қырғыз Ұлттық академиялық опера және балет театрының сахнасында өтті. Екінші қойылым әлгіде айтқандай осы сенбіде Алматыда өтеді. Содан соң 15 қыркүйекте Анкарада Мемлекеттік опера және балет театрында, 18 қыркүйекте Бакуде Ариф Меликов атындағы опера және балет театрында сахналанады.

- 250 өнерпаз тым көп емес пе? Олардың жол қаражатын, жатын орнын, тамағын, өнерақысын (гонарар) көтеру экономикалық дағдарыс дәуірінде бір ұйымның бюджетіне аса ауыр салмақ салмай ма?

- Әрине, неше жерден мықты болса да мұндай ірі шара ұйымдастыруға жалғыз бір ұйымның қаражаты жетпес еді. Құдайға шүкір, қай елде де өнер жанашырлары жеткілікті, солар қол ұшын беріп жатыр. Экономикалық қиындықтарға қарамастан әр мекеме өз қолынан келген жәрдемін беруде. Ал негізгі демеушілеріміз: Түркия Үкіметінің «Танытма» қоры, Түркия Мәдениет және туризм министрлігі, Әзірбайжан Мәдениет және туризм министрлігі, Қазақстан Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қырғызстан Мәдениет және ақпарат министрлігі, Алматы қаласы әкімшілігі.

- Шынымен аса ауқымды шара екен. Таңдау неге «Кероғлы» операсына түсті? Неліктен басқа түркі елдерінің операсы таңдалмады? Мәселен, татардың, не қазақтың...

- Не сұрамағыңызды түсіндім... халықтарының көбіне ортақ әйгілі фольклорлық мұралардың бірі. Түрік, әзірбайжан әдебиетінде Кероғлы қарапайым халықтың езгісіне, зорлық-зомбылыққа қарсы күрескер ретінде бейнеленсе, түрікмен, қазақ, қырғыз, өзбек әдебиетінде қаһармандық эпостың басты кейіпкеріне айналған. Осы халық аңыздарының негізінде жазылған белгілі әзірбайжан композиторы Узеир Гаджибековтың «Кероғлы» операсы алғаш рет 1937 жылы сахналанған. Түркі опера өнері тарихында ең көп сахналанған және ең танымал опералардың бірі. Әрі операның музыкалық тұрғыдан әсем бай өзектілігі де ескерілді. Бұл жоба – ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының түркі халықтарының мәдени ықпалдастығын арттыру мақсатында жасап жатқан көп шараларының біреуі ғана. Мұндай жобалар алдағы күндері де жалғасын табады. Жоспарда қазақ халқының да, башқұрттардың да, татарлардың да ұздік опера үлгілерін халықаралық деңгейде насихаттау тұр. ТҮРКСОЙ түркі халықтарының өнерін бөле-жаруға түбірімен қарсы. Әр кездегі сөкілді бұл жолғы халықаралық жобаның да мақсаты түркі халықтары арасындағы мәдени қатынастарды дамытуға, түркілердің ортақ мұрасын насихаттауға және туыс елдердің өнерпаздарының кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған. Мәселен, «Кероғлы» операсын орындауға Түркиядан-15, Қазақстаннан-15, Әзірбайжаннан-10, Башқұртстаннан-10, Татарстаннан-7, Қырғызстаннан-180 өнерпаз қатысады. Өнер адамдары үшін жақын араласудың, тәжірибе алмасудың, шеберлігін жетілдірудің бұдан артық қандай жолы болуы мүмкін.

- Қойылымға Қазақстан тарапынан кімдер қатысады?

- Түркі халықтары өнер тарихындағы тұңғыш халықаралық қойылымда басты рөлдерді орындауға біздің жерлестеріміздің әйгілі тенор, Санкт-Петербургтегі Марин театрының әншісі Ахмет Агади, ҚР мәдениет қайраткері, белгілі опера әншісі Шахмардан Есенов және опера әншісі Гүлзат Дәуірбаева қатысады. Ал қойылым туралы айтар болсақ, операның қоюшы-режиссері әрі халықаралық жобаның авторы – профессор Афлатун Нейматзаде, музыкалық жетекшісі – Әзірбайжанның Халық әртісі, профессор Рауф Абдуллаев, балетмейстер – Мехмет Балкан (Түркия).

- Халықаралық жоба түркі халықтары өнеріне не береді? Түркілердің өнерін насихаттау үшін операдан басқа өнер түрін таңдауға болмады ма? Қанша айтқанмен опера түркілерге жат, еуропалықтарға тән өнер ғой...

- Рас, опера өнері бізге еуропалық мәдениеттің ықпалымен жерсінді. Алайда түркілердің музыкалық мәдениеті еуропалықтардан кем түседі дегенге еш келіспес едім. Әрбір ұлт үшін жерсіндіре білсе, кез келген жаңа өнердің жаттығы жоқ. Мәселе жат жұрттың жаңа дүниесін өз менталитетімізге, ұлттық музыкамызға, дәстүрімізге лайықтап бейімдей білуде. Өткен ғасырдың ортасында орындалған қазақ операсының озық үлгілерін «біздің ұлтқа жат болып еді» деуге сірә ешкімнің аузы бармас. Қазіргі операның ол деңгейден түсіп кеткендігі ол басқа бір әңгіменің арқауы. Біздің бүгінгі мақсатымыз да туыс халықтардағы осындай озық үлгілерді таныту, мысал ету. Халықаралық жоба ең әуелі түркі халықтары мәдениетінің бір-біріне танылуына, мәдени ықпалдастықтың дамуына, ортақ мұралардың насихатталуына септігін тигізеді деп ойлаймын. Сондай-ақ, келешекте түркі республикаларының басты опера театрларының репертуарларында туыс елдердің операларының орын алуына ықпал етеді деген ойдамын. Себебі, қазір біздің театрлардың репертуары негізінен еуропалық опералардан тұрады. Ал, өз туыстарымыздың озық өнер үлгілерін онша менсіне бермейміз. Түбінде осы олқылықтың орнын толтыруға тиіспіз.

Әңгімелескен Өмірзақ Жұмамұрат